



**БҰЙРЫҚ**

*Қолд. н. 1 қаңтар 2022*  
Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *1-03/77*  
город Павлодар

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері – 2022»  
қалалық байқауын дайындау және өткізу туралы**

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарын орындау үшін және мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлерінің кәсібилігі мен мәртебесін, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 1-25 сәуір аралығында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері - 2022» қалалық байқауы өткізілсін.

2. Байқау туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (1-7 қосымша).

3. Бөлім әдіскері Н.Қ. Нұрғалиева ұйымдастыру іс-шараларын өткізсін, байқаудың өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары Қ. Т. Қыдралинге жүктелсін.

Бөлім басшысы



*С.Айтқазина*  
С.Айтқазина

Таныстым:

*Қыдралин*

бөлім басшысының орынбасары Қ.Т. Қыдралин

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері – 2022»  
қалалық байқау туралы  
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері 2022» қалалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін айқындайды және оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.

Мақсаты: әдіскерлердің инновациялық және кәсіби маңызды тәжірибесін анықтау және тарату, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мәртебесін арттыру және кәсіби имиджін қалыптастыру.

Міндеттер:

- Әдіскерді инновациялық қызметке, кәсіби өзін-өзі танытуға ынталандыру;

- ІӘД жүйесінде әдіскердің мәртебесін арттыру, оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;

- Әдістемелік жұмыс менеджментінің тиімді нысандары, әдістері, технологияларының «банкін» қалыптастыру.

**Қатысушылар**

Байқауға меншік нысанына, бейініне, типіне, оқыту және тәрбиелеу тіліне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері (әдіскер ретіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл) қатысады.

**Байқаудың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының жұмысы**

Байқауды өткізу үшін білім беру бөлімі ұйымдастыру комитетін құрады (2-қосымша); байқауға қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін-қазылар алқасы құрылады (3-қосымша).

Ұйымдастыру комитеті байқаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылығын жүзеге асырады және:

- қазылар алқасының құрамын;

- байқау материалдарын ресімдеуге қойылатын талаптарды анықтайды.

Ұйымдастыру комитеті байқауды дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарайды, сондай-ақ байқау жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады, байқау материалдарын ұсыну нысанын



белгілейді, қазылар алқасының жұмыс кестесін жасайды, әрбір кезеңнің өткізу тәртібін айқындайды және т. б.

Байқаудың қазылар алқасы:

- келіп түскен материалдарға сараптама жүргізеді;
- педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін бағалайды.

Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады, олар келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

### **Байқауды өткізу тәртібі, нысандары мен мерзімдері**

Өтінім беру мерзімі - **2022 жылғы 1 сәуірге** дейін.

**1 кезең «Е-портфолио».**

Байқаудың 1-ші кезеңіне қатысу үшін материалдар (ақпараттық карта, ақпараттық картадағы Е-портфолиоға белсенді сілтеме) **2022 жылғы 8 сәуірге** дейінгі мерзімде ұсынылсын.

**2 кезең «Әдістемелік шеберлік» бейнеролигі.**

Байқаудың 2-ші кезеңіне қатысу үшін материал (бейнеролик) **2022 жылғы 15 сәуірге** дейінгі мерзімде ұсынылсын.

**3 кезең «Мен-әдіскермін»** - онлайн диалог алаңы.

Байқаудың 3-ші кезеңінде қатысушының қашықтықтан өнер көрсетуі.

Байқауға қатысушылар өздерінің инновациялық педагогикалық тәжірибелерін ZOOM режиміндегі интернет-платформа арқылы таныстырады.

Бейнеконференцияны өткізу мерзімі: **2022 жылғы 22 сәуір.**

### **Байқауды ұйымдастыру және өткізу**

Байқау қашықтық форматта үш кезеңде өткізіледі:

Байқау материалдары қазақ немесе орыс тілдерінде электрондық портфолиоға ресімделеді.

**1 кезең: «Е-портфолио»** (2022 жылғы 1-8 сәуір аралығында)

Міндеттер: Байқауға қатысушының ұсынылған электрондық материалдарын зерделеу, байқаудың 2-ші кезеңіне қатысу үшін қатысушыларды іріктеу. Байқаудың 1-ші кезеңіне қатысу үшін мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына келесі құжаттарды:

- басшының қолы қойылған және мөр басылған өтінім **2022 жылғы 1 сәуірге** дейін (4 қосымша);

- байқауға қатысушының ақпараттық картасы **2022 жылғы 8 сәуірге** дейін (5 қосымша) ұсынады.

2-кезеңге 1-кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

**2 кезең: «Әдістемелік шеберлік» бейнеролигі** (2022 жылғы 11-15 сәуір аралығында)

Міндеттер: Педагогтерге кәсіби шеберліктерін көрсетуге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жаңартылған мазмұны жағдайында заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін пайдалану бойынша бейімделген практикаларды анықтауға мүмкіндік беру.

**2022 жылғы 15 сәуірге** дейінгі мерзімде байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына:

- бір бейнероликті (*6 қосымша*) жібереді.

3-кезеңге 2-кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

**3 кезең «Мен-әдіскермін»** - онлайн диалог алаңы» (*2022 жылғы 22 сәуірде ZOOM интернет-платформасы арқылы қашықтық форматта*).

Міндеті: байқауға қатысушы шығармашылық презентацияның мәлімделген тақырыбының әдістемелік және практикалық негізін ашуы.

Презентация көлемі: 7 слайдтан артық емес. Сөз сөйлеу уақыты 5 минут (*7 қосымша*).

### **Байқау қорытындысын шығару**

Байқау финалының қорытындысын қазылар алқасы шығарады және анықтайды:

**Гран-при, I орын, II орын, III орын.**

**«Іскер әдіскер», «Жаңашыл әдіскер», «Көшбасшы әдіскер»** номинациялары.

Гран-при барлық байқау тапсырмаларын бағалау нәтижелері бойынша ең көп балл жинаған қатысушыға беріледі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер құрмет дипломдарымен марапатталады.

### **Қосымшалар**

Байқау ережесіне сәйкес белгіленген мерзімде, байқау қатысушыларының материалдары [nurgul.nurgalieva.78@mail.ru](mailto:nurgul.nurgalieva.78@mail.ru) электрондық поштаға жіберіледі. Байқау қорытындылары бойынша есеп беру үшін ұсынылатын материалдардың көлемі мен түрлерін ұйымдастырушылар айқындайды.



Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
20 22 жылғы 01.03  
№ бұйрығына  
1-03/77 2 қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі-2022»  
қалалық байқаудың  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1. Нұрғалиева Нұргүл Қайроллақызы – білім беру бөлімінің әдіскері;
2. Рахымжанова Құндыз Мұратханқызы - білім беру бөлімінің әдіскері;

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
20 22 жылғы 01.03  
№ бұйрығына  
1-03/77 3 қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі-2022»  
қалалық байқаудың  
казылар алқасының құрамы**

1. Шиндлярская Галина Александровна - әдістемелік кабинет меңгерушісі;
2. Қрықбесова Бахыт Қайроллақызы - мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу секторының меңгерушісі;
3. Подобинская Людмила Витальевна - «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы;
4. Нуркенова Замзагуль Мадиевна - Б. Ахметов атындағы ППК оқытушысы;
5. Рахымжанова Құндыз Мұратханқызы - білім беру бөлімінің әдіскері

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің  
 20 22 жылғы 01.03  
 № бұйрығына  
1-03/784 қосымша

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері – 2022»  
 қалалық байқауға өтінім

№ 1 нысан (EXCEL бағдарламасында тапсыру)

МДМ №	Т.А.Ә.	Туған күні	Жұмыс орны (ұйымның толық атауын көрсету)	Лауазымы (итаттық кесте бойынша)	Лауазымдағы жұмыс өтілі	Санаты	Білімі туралы мәліметтер (не, қашан, қайда бітірді, диплом бойынша мамандығы)	Жетістіктер (деңгейлер мен оқу жылдары бөлісінде соңғы үш жылдағы «маңызды» жетістіктер)	Педагогтың жұмыс істейтін тақырыбы	Педагогтың жұмыс тәжірибесі бойынша әдістемелік құралдың, авторлық бағдарламаның және т. б. атауы (жұмыс атауын, рецензияның, рецензия үшін көрсету)
10										

№ 2 нысан (бейнеролик үшін) (EXCEL бағдарламасында тапсыру)

МДМ №	Педагогтың аты-жөні (толық)	лауазымы	білімі, мамандығы	санаты	оқыту тілі	бейнеролик тақырыбы	өздігінен білім алудың тақырыбы

ТАӘ, байқауға қатысушының қолы \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері»  
байқауға қатысушының ақпараттық картасы**

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер:
  - Міндетті түрде 3\*4 фотосурет салынған Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса);
  - Еңбек өтілі (еңбек және педагогикалық, оның ішінде әдістемелік жұмыс өтілі);
  - Білім; қосымша кәсіптік білім беру;
  - Біліктілікті арттыру (соңғы үш жылда);
  - Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсете отырып);
  - Марапаттар (грамоталар, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсыныстар), біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан оқыту (білімін растайтын құжаттардың сканерленген түрі, курстардан өткендігін, Құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерленген түрі).
2. Педагогикалық қызмет мониторингі:
  - Соңғы 3 жылда балалардың біліктері мен дағдыларының мониторингі және даму динамикасы;
  - Олимпиадаларға, кәсіби байқауларға өзінің қатысуы туралы мәліметтер.
3. Ұялы телефон. Материалдарды көруге арналған интернет-ресурстың белсенді сілтемесі.



## «Педагогтің Е-портфолиосы»

Байқауға қатысушы қатысушының ақпараттық картасында (5-қосымша) бір ғана белсенді сілтемені ұсынуы тиіс.

Педагогтың Е-портфолиосы мыналарды қамтуы керек (5 балл):

- Кең аудитория үшін әдістемелік кеңестерде қаралған және қайта ұсынылған баспа басылымдарының тізбесі (оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар, жинақтар, нұсқаулықтар және т. б.);
- Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, жобалық қызметті және т. б. әдістемелік сүйемелдеу;
- Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар (соңғы үш жылда);
- Қатысушы қатысқан семинарлардың, байқаулардың, шығармашылық есептердің, ашық іс-шаралардың, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеген материалдары (соңғы үш жылда);
- Қала, облыс көлемінде әдістемелік бірлестіктердің ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларын дайындауға және өткізуге қатысу (соңғы үш жылда);
- Әдіскердің шығармашылық ізденісі, шығармашылық шеберхананың материалдары: мектепке дейінгі білім беру саласында әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану (соңғы үш жылда);
- Ғылыми-әдістемелік қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігінің мониторингі;
- Байқауға қатысушының тәжірибесі мен кәсіби қызметінің ерекшелігін көрсететін материалдар (фото-және бейнематериалдар).

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің

20 22 жылғы 01.03

№ бұйрығына

1-03/77 6 қосымша

## «Әдістемелік шеберлік» бейнеролигі (10 балл)

Бейнеролик - байқауға қатысушының кәсіби құзыреттілігін көрнекі көрсету. Әдіскер өткізген іс-шараның үзіндісі байқауға қатысушының педагогикалық үдерісті әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастырудағы көрнекі практикалық тәжірибесін көрсетуі тиіс.

Сақталуы тиіс бейнероликке қойылатын жалпы талаптар:

- бұрын жарияланған, басқа байқауларға қатысқан, Интернет желісінде орналастырылған бейнематериалдарға жол берілмейді.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- HD төмен емес (1280x720)

- Формат \*.mp4

- Бейнематериалдың хронометражы 3-тен 5 минутқа дейін.



**«Әдістемелік шеберлік» атты  
бейнероликті бағалау критерийлері мен көрсеткіштері**

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогикалық үдерісті әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру	1.1	Тәжірибелік эксперименттік жұмысты, жобалық қызметті сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.
		1.2	Педагогке оның тәжірибесіндегі нүктелі проблемаларды анықтауға көмек көрсетеді.
		1.3	Заманауи инновациялық технологияларды қолданады.
		1.4	Даму бағдарламаларын таңдау үшін балалардың мүдделерін зерттеуде мұғалімге көмек көрсетеді.
		1.5	Педагогтарға ойын аймақтарын ұйымдастыруда, педагогикалық тәсілдерді таңдауда, оқу ресурстарын таңдауда және т. б. көмек көрсетеді.
		1.6	Көрнекілік және АКТ құралдарын қолданған жөн.
2	Организационная культура	2.1	Жұмысты ұтымды жоспарлайды.
		2.2	Өзін-өзі жүзеге асыру арқылы мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіруді қамтамасыз етеді.
3	Речевая, коммуникативная культура, личностно-профессиональные качества	3.1	Педагогикалық ұжым және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жасауда қолайлы психологиялық ахуал жасайды.
		3.2	Қарым-қатынаста этикалық ережелерді сақтайды, кәсіби қызметтің жеке стилін көрсетеді.
		3.3	Сөйлеу мәдениетін сақтайды, міндеттерді қою кезінде сауаттылықты, дәлдікті және нақтылықты көрсетеді.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің

20 22 жылғы 02.03

№ бұйрығына  
1-03177 7 қосымша

**«Мен – әдіскермін» - онлайн диалог алаңы**

- 1) Байқау қатысушысының сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар;
- 2) әдіскер жұмысындағы инновацияның өзектілігі;
- 3) тәрбие-білім беру үдерісінде әдістемелік сүйемелдеудің тиімділігі;
- 4) әдіскер қолданған мазмұнның мазмұны;
- 5) әдістемелік жұмыстың нәтижелілігі;
- 6) ұсынылған жұмыстың жүйелілігі;
- 7) әдіскердің тәрбиеленушілердің педагогикалық ұжымымен, ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жұмыстағы кәсібилігі;
- 8) әдістемелік жұмысты ұйымдастырудағы жеке көзқарас;
- 9) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің 46-тармағын іске асыру жөніндегі пайымы мен идеялары.

Техникалық сипаттамалары:

- сөз сөйлеу ұзақтығы - 5 минуттан аспайды;
- қазылар алқасының сұрақтарына жауап беру ұзақтығы - 3 минутқа дейін;
- презентация және бейнефрагменттермен сөз сөйлеуге рұқсат етіледі.